<question>Жүктілігінің мерзімі асқан қайтабосанушы әйелде толғақ 12 сағат бойы жалғасып жатыр. ұрық маңы суы бүтін. Кенеттен ішінде жедел ауырсыну, тері жамылғыларының болғылттануы пайда болды. ұрықтың жүрек соғысы – брадикардия. Қынаптық зерттеуде жатыр аңқасының ашылуы толық, ұрық қапшығы қатайған, ұрық басы кіші жамбас қуысында. Дәрігер тактикасы қандай:

<variant> ұрық қапшығын бұзып, акушерлік қысқыштарды салу

<variant> Кесарь тілігі операциясын жасау

<variant> ұрық гипоксиясын емдеу

<variant> Амниотомия жасау

<variant> Амниотомиядан кейін окситоцинмен босануды қоздыруды бастау

<question> Алғашбосанушы 28 жастағы жүктілік мерзімі жеткен әйел емханаға келді. Шағымы жоқ. Жағдайы қанағаттанарлық. АҚ 110/70 110/80 мм с.б.б. Жатыры қозбаған. Нәрестенің 3 ірі бөлімі пальпацияланады. Жамбас өлшемдері 25-28-31-20 см. УДЗ қорытындысы: Жүктілік

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 105 беті

39-40 апта. Егіздер. Екі нәрестенің де жамбаспен жатуы. Диагноз: Жүктілік 38-39 апта. Егіздер.....

<variant>Жамбаспен жатуы.

<variant>Көлденең тарылған жамбас

<variant> Жалпы бір қалыпты тарылған жамбас I дәрежесі

<variant>Созылмалы фетоплацентарлы жетіспеушілік

<variant>Босану алдын белгілері

<question> Жамбаспен орнығудың жиілігі ... %.

<variant> 3-5

<variant> 0.5-1

<variant> 1-2

<variant> 5-7

<variant> 10-12

<question> Ұрықтың аяқтары жамбас-сан буынында бүгілген, ал тізе буынында жазылған, жамбастық орнығудың қай түрі:

<variant> нағыз бөкселік

<variant> толық аяқтық

<variant> аралас бөксе-аяқтық

<variant> толық емес аяқтық

<variant> тізелік

<question>Ұрықтың аяқтары жамбас-сан буынында және тізе буынында бүгілген, жамбастық орнығудың қай түрі:

<variant> аралас бөксе-аяқтық

<variant> толық аяқтық

<variant> толық емес аяқтық

<variant> нағыз бөкселік

<variant> тізелік

<question> Егер ұрықтың екі аяғы тізе буынында бүгілген, ал жамбас-сан буынында жазылған болса, жамбастық орнығудың қай түрі:

<variant> тізелік

<variant> толық емес аяқтық

<variant> аралас бөксе-аяқтық

<variant> нағыз бөкселік

<variant> толық аяқтық

<question>Ұрықтың жамбастық орнығуын анықтау үшін Леопольд-Левицкийдің сыртқы тәсілі қолданылады:

<variant> бірінші және үшінші

<variant> бірінші және екінші

<variant> екінші және үшінші

<variant> екінші және төртінші

<variant> үшінші және төртінші

<question>Жамбастық орнығудың түрі ... анықталады.

<variant> босану кезінді қынаптық тексеру арқылы

<variant> жүктіліктің үшінші триместрінде

<variant> уақытылы жүктілікте

<variant> жүктіліктің екінші триместрінде

<variant> босанудың бірінші кезеңінде

<question>Ұрықтың жамбастық орнығуын сыртқы акушерлік тексергенде тән емес:

<variant> келе жатқан бөлігі тығыз, кіші жамбас астауының кіреберісінде

<variant> қозғалатын бөліктің жатыр түбінде орныққан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 106 беті

<variant> кіндіктен жоғарыда ұрықтың жүрек соғуы естіледі

<variant> жатыр түбінің жоғары орналасуы

<variant> орныққан бөліктің консистенциясы жұмсақ, қозғалуға келмейді

<question> Ұрықтың толық аяқтық орнығуына тән:

<variant> екі аяғымен

<variant> бір аяғымен

<variant> бөксе аяғымен бірге

<variant> тізелік

<variant> бөкселік

<question> Ұрықтың жамбастық орнығуындағы босану биомеханизмінің алтыншы кезеңі:

<variant> бастың бүгілуі

<variant> иықтың іштей бұрылуы

<variant> бастың іштей бұрылуы

<variant> омыртқаның бел аймағында бүгілуі

<variant> бөксеңіз іштей бұрылуы

<question> Ұрықтың нағыз бөкселік орнығуында босану биомеханизмінде анықталатын нүкте:

<variant> алдыңғы бөкселік

<variant> артқы бөкселік

<variant> құйымшақтық

<variant> сегізкөздік

<variant> шүйде асты шұңқыры

<question> Ұрықтың жамбастық орнығуындағы босану биомеханизмінің үшінші бекіну нүктесі:

<variant> шүйде асты шұңқыры және қасаға доғасы

<variant> шүйде асты шұңқыры және сегізкөз-құйымшақ қосындысы

<variant> алдыңғы жауырынның акромиальды өсіндісі және қасаға доғасы

<variant> мықын аймағының шұңқыры және қасаға доғасы

<variant> жоғары иық және қасаға доғасы

<question> Цовьянов әдісі ... алдын алмайды.

<variant> кіндік бауы түсуінің

<variant> ұрық аяғының түсуінің

<variant> ұрықтың қолдарының жиналуының

<variant> басының шалқайуының

<variant> жатыр мойнының, ішкі бөлігінің, спазымының

<question> Ұрықтың жамбаспен орнығуының себебіне қатысы жоқ:

<variant> жүктілік паритеті

<variant> қағанақ суының көптігі

<variant> көп ұрықтық

<variant> плацентаның орнығуы

<variant> жатырдың қатерлі ісігі

<question> Мерзімінен ерте босануда жамбаспен орнығудың жиілігі :

<variant> жоғарлауы

<variant> төмендеуі

<variant> әйелдің жалпы жағдайына байланысты

<variant> ұрықтың гипоксиясына байланысты

<variant> жедел босанудан ерекшеленбейді

<question> Цовьянов 2 әдісінің көрсеткішін атаңыз:

<variant> толық аяқпен орнығу

<variant> ірі ұрық

<variant> ұрықтың көлденең орнығуы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 107 беті

<variant> анасының ауыр жағдайы

<variant> бөкселік орнығуы

<question> Жамбаспен орнығуда классикалық қолдық әдіс қолданылмайды:

<variant> қолдар өздігінен туылғаннан соң

<variant> аралас бөкселік

<variant> толық аяқтық

<variant> толық емес аяқтық

<variant> тізелік

<question> Цовьянов 1 әдісі ... жатуында қолданылады.

<variant> нағыз бөкселік

<variant> аралас бөкселік

<variant> толық аяқтық

<variant> толық емес аяқтық

<variant> тізелік

<question> Ұрықтың көлденең орнығуының анықталуы негізделген ...

<variant> жатыр түбінің жоғары орналасуы жүктілік мерзіміне байланыссыз

<variant> амниоскопия

<variant> жүктілік паритеті

<variant> етеккірдің соңғы күні бойынша

<variant> ЭКО алғаш рет келуі

<question> Көпұрықты жүктілікке тән ...

<variant> жатыр көлемі үлкен және келе жатқан басының көлемі кіші

<variant> жатыр көлемі үлкен және келе жатқан басының көлемі үлкен

<variant> жатыр көлемі үлкен және келе жатқан басының көлемі қалыпты

<variant> жатыр көлемі үлкен емес және келе жатқан басының көлемі үлкен емес

<variant> жатыр көлемі қалыпты және келе жатқан басының көлемі үлкен

<question> Көпұрықты жүктілікте жиі кездесетін асқынулар:

<variant> мезгілінен ерте босану

<variant> қалыпты орналасқан плацентаның мезгілінен ерте қыртыстануы

<variant> мезгілінен кеш босану

<variant> ұрық дамуының тежелуі

<variant> ұрықтың гипоксиясы

<question> Көпұрықты жүктілікті босануда жиі кездесетін асқынулар:

<variant> босану әрекетінің әлсіздігі

<variant> қағанақ суының кеш кетуі

<variant> плацентаның ажырауы

<variant> жатырдың жыртылуы

<variant> босану әрекетінің күштілігі

<question> Алғаш босанатын әйел мерзімі 35-36 апталық жүктілігі және іштегі нәрестесі қимылының төмендеуіне шағымданып келді. Іштегі нәрестесі жүрек соғысы минутына 136 соққы. Ең мәліметті тексеру әдісі:

<variant> функционалды сынамалар мен кардиотахография

<variant> амниоскопия

<variant> цервикоскопия

<variant> доплерография

<variant> нәрестенің ЭКГ

<question> 2017 жылғы 27 желтоқсан №36 "Ұрықты бағалау" диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасына сай кардиотокография жасауға насы жағынан не көрсеткіш болады?

<variant> ұрық маңы суының аз болуы мен көп болуы

<variant> мерзімінен бұрын босану (мерзімі жетілмеу)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 108 беті

<variant>сусыз кезең (24 сағаттан көп)

<variant>көп ұрық

<variant>меконияльды ұрық маңы суының болуы

<question>ҚР ДСМ 09.07.16 жылғы “Бұтаралығы, вульва және қынаптың қабыну аурулары (бартолинит, вульвит, вагинит)” № 14 хаттамасына сәйкес жүкті әйелдегі бактериялық вагинозды емдеу сызбасын көрсетіңіз:

<variant>метронидазол 250мг пероралды күніне 3 рет 7 күн немесе 500 мг-нан күніне 2 реттен 7 күн per os

<variant>клиндамицин 2% жақпасын бір рет қынап ішіне 5 г-нан (1 аппликатор) түнде 7 күн немесе қынаптық свечи 100 мг-нан 1 рет 3 күн немесе клиндамицин 300 мг-нан күніне 2 рет 7 күн per os

<variant>метронидазол 500 мг-нан күніне 2 рет 10-14 күн per os

<variant>тинидазол 2 г бір рет

<variant>метронидазол 2 г бір рет

<question>Пациент 27 жаста, оңжақүлкен жыныс ерні аймағының ауыратынына және дене қызуының 39,0 С-қа көтерілгеніне, жүргенде ауырсынады. Объективті: оңжақ үлкен жыныс ерні ісінген, ауырсынады, қызарған, пальпациялағанда жұмсарған аймақтар бар. Ықтимал диагноз:

<variant>бартолин безінің абсцесі

<variant>бартолин безінің кистасы

<variant>вульва аймағының гематомасы

<variant>сарпайдың үлкен жапсарының фурункулезі

<variant>парауретралық киста

<question>Науқас М., 32 жаста, кеңестік-диагностикалық мекеменің дәрігеріне сыртқы жыныс мүшелерінің және қынаптың ашуына, қышуына, ауырсынуына, қынаптан бөлінділердің болуына шағымданып келді. Гинекологиялық жағдайы: сыртқы жыныс мүшелері қалыпты дамыған, ісінген, гиперемияланған. Айнада: жатыр мен қынаптың шырышты қабаттары гиперемияланған, бөлінділер-балық иісімен ақ таңдақтар. Бактериоскопияда кілттік жасушалар, рН >4,5. 2016 жылғы 9 маусым №14 "Шап аралықтың, вульваның, қынаптың қабыну аурулары" диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамасына сай осы науқасқа бірінші топтаманың қай препаратын және қай мөлшерде тағайындау керек?

<variant>Метронидазол 500 мг 2рет 7 күн

<variant>Тинидазол күніне 2 г. 3күн

<variant>Клотримазол 100 мг түнде 7 күн

<variant>Метронидазол 500 мг күніне 3 рет 5 күн

<variant>Клотримазол 5 гр интравагинальды түнге 7 күн

<question> Аймақтық отбасылық дәрігерге 29 жастағы бірінші босанудан кейінгі әйел келді. Босанғаннан кейінгі 8-тәулікте сүт бездерінің қатаюы, сүтті сығудың қиындауы байқалды. 10-тәулікте қалтырау, $t = 39^{\circ}\text{C}$, бастың ауруы, жалпы әлсіздік, оң жақ сүт безінде қатты ауырсыну пайда болды. Анамнезінен: қағанақ суының мерзімінен ерте кетуіне байланысты босануды қоздыру жүргізілген. Объективті: оң жақ сүт безінің жоғарғы квадрантының ортасында флюктуациясы бар қатаюы анықталады, терісі қызарған, ұстағанда ыстық. Емізіктерде тілінулер байқалады. Қолтықасты лимфа түйіндері ұлғайған, ауырсынулы. Осы патологияның дамуында ерекше орынды не алады?

<variant> патологиялық лактостаз және емізіктердегі тілінулер

<variant> босану әрекетінің әлсіздігі

<variant> қағанақ суының ерте кетуі

<variant> босануды қоздыру

<variant> сұйықтықты көп ішу

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК	34-11-2025 2 беттің 109 беті

<question> 24 жастағы босанған әйелде босанғаннан кейінгі 4-тәулікте дене қызуы $t = 40^{\circ}\text{C}$, ішінің төмен жағында бірден ауырсыну, іштің кебуі, үлкен дәретке отыру ауырсынулы, іш пердесінің тітіркену симптомы оң нәтижелігі анықталды. Жатыр(түбі кіндіктен 1 елі төмен) ұлғайған, ауырсынулы, пішіні анықталмайды, қимылы шектелген. Артқы күмбез салбырап тұр.

Болжам диагноз:

<variant> Пельвиоперитонит

<variant> Жедел оофорит

<variant> Эндометрит

<variant> Параметрит

<variant> Метрит

<question> 25 жастағы босанған әйелде босанғаннан кейінгі 10-тәулікте жыныс жолдарынан бөлінділер қанды, іріңді, жағымсыз иісті, пальпацияда жатыр ауырсынулы, $t = 38^{\circ}\text{C}$, тамыр соғысы 100 рет мин. Тері қабаттары қызарған, құрғақ.

Болжам диагноз:

<variant> Эндометрит

<variant> Жедел оофорит

<variant> Жедел сальпингит

<variant> Параметрит

<variant> Метрит

<question> 30 жастағы босанаған әйелде босанғаннан кейінгі 8 тәулікте, қалтырап жатыр, $t = 40^{\circ}\text{C}$. Ішінің төменгі жағында ауырсыну, ішектері кепкен. Жатыры ұлғайған, оң жаққа қарай ығысқан, жұмсақ. Қынаптық тексерген кезде сол жақ қосалқылары аймағында жедел ауырсынулы инфльтр анықталады.

Болжам диагноз:

<variant> Жіті сальпингоофорит

<variant> Пельвиоперитонит

<variant> Эндометрит

<variant> Параметрит

<variant> Миометрит

<question> Босанғаннан кейінгі 12-ші тәулік, $t = 38,2^{\circ}\text{C}$. Сүт бездеріндегі ауырсынуға шағымданады. Тамыр соғысы 86 рет мин. Сүт бездері едәуір ұлғайған, қатайған, пальпацияда ауырсынулы.

Осы жағдайда ... дұрыс болып табылады.

<variant> көкіректі сығу арқылы сүттен босату

<variant> сұйықтық ішуді азайту

<variant> көкіректі сығып байлау

<variant> сүт бездеріне компрессия

<variant> антибиотиктер тағайындау

<question> Қайта босанушы әйел, 26 жаста, босанғаннан кейінгі 12-ші тәулікте $t = 39^{\circ}\text{C}$, қалтырау, ұйқысы бұзылған, қолтық асты лимфа түйіндері ұлғайған және ауырсынады. Сүт бездерін тексерген кезде: оң жақ сүт безінің жоғарғы сыртқы аймағында қызару анықталды. Терінің өзгерген аймағында тығыз, аз қимылдайтын инфильтрат анықталды.

Осы жағдайда ... дұрыс болып табылады.

<variant> хирургиялық ем

<variant> сүт бездерін сығу арқылы босату

<variant> симптоматикалық ем

<variant> инфузионды терапия

<variant> зақымдалған аймаққа компресс

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 110 беті

<question> 32 жастағы босанған әйелде босанғаннан кейінгі 12 тәулікте қалтырау, $t = 39^{\circ}\text{C}$. Қынаптық тексеруде жатыр денесі ұлғайған, ауырсынады, әсіресе қабырғалары аймағында. Бөлінділер қанды (қара-қызыл түсті) ірің аралас, сасық иісті.

Осы жағдайда ... амал дұрыс болып табылады.

<variant> жатыр қуысын босату

<variant> жатыр аймағына мұз қою

<variant> инфузионды терапия

<variant> симптоматикалық терапия

<variant> гистерэктомия

<question> 22 жастағы босанған әйел босанғаннан кейінгі 1-ші тәуліктен кейін қасаға аймағындағы ауырсынуға, аяғымен қимылдағанда ауырсырудың күшеюіне шағымданады.

Объективті: қасаға аймағында ісіну, ауырсыну және жылжыған бұрыштарында терендену анықталады. Анамнезінен: бірінші босануы уақтылы, салмағы 4300 г. тірі, жетілген нәресте туылған.

Жүргізу амалы:

<variant> төсектік қалып, жамбас аймағында қиылысты таңу

<variant> белсенді қалып және антибактериалды терапия

<variant> физио- ем- сәулелі ем

<variant> гипсті таңу салу

<variant> жамбас аймағына массаж

<question> Босағаннан кейінгі бөлімде 29 жастағы тұңғыш босанушы әйелде босанғаннан кейінгі 10-ші тәулікте сүт бездерінің қатаюы, сүт сығудың қиындауы болған. 5-ші тәулікте қалтырау, $t = 39^{\circ}\text{C}$, бастың ауырсынуы, оң жақ сүт бездерінде ауырсыну белгілері пайда болды. Оң жақ сүт безінің сыртқы аймағында жұмсақ ошақтары бар ауырсынулы қатаю пальпацияланады, осы жерде тері қызарған, ыстық. Емізіктерде тілмелер анықталады. Қолтық асты лимфа түйіндері ұлғайған, ауырсынулы.

Дұрыс амал:

<variant> хирургиялық ем

<variant> сүт бездерін сығу арқылы босату

<variant> симптоматикалық терапия

<variant> инфузионды терапия

<variant> зақымдалған аймаққа компресс

<question> Босағаннан кейінгі бөлімде 29 жастағы тұңғыш босанушы әйелде босанғаннан кейінгі 10-ші тәулікте сүт бездерінің қатаюы, сүт сығудың қиындауы болған. 5-ші тәулікте қалтырау, $t = 39^{\circ}\text{C}$, бастың ауырсынуы, оң жақ сүт бездерінде ауырсыну белгілері пайда болды. Оң жақ сүт безінің сыртқы аймағында жұмсақ ошақтары бар ауырсынулы қатаю пальпацияланады, осы жерде тері қызарған, ыстық. Емізіктерде тілмелер анықталады. Қолтық асты лимфа түйіндері ұлғайған, ауырсынулы.

Лактацияны басуға нәтижелі болып ... табылады.

<variant> парлодел

<variant> бромкамфора

<variant> гипотиазид

<variant> фуро- семид

<variant> токоферол

<question> Науқас А., 33 жаста, сол үлкен жыныс ерні аймағындағы ауырсынуларға, жыныстық қатынас кезінде жағымсыз сезімге, жалпы димкәстікке шағымданып келді. Қарау кезінде сол үлкен жыныс ерні маңында түзіліс анықталды, пальпацияда ауырсынады, тіндердің ісінуі. 2016 жылғы 9 маусым №14 "Шап аралықтың, вульваның, қынаптың қабыну аурулары" диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамасына сай осы науқасқа қынап

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 111 беті

пен вульва беткейінің бактериоскопиялық зерттеуінен басқа қандай зертханалық тексеру жүргізу керек?

<variant>қанның жалпы анализі

<variant>қанның биохимиялық анализі

<variant>ПТР

<variant>ИФА

<variant>бактериологиялық (культуралдық) зерттеу

<question>22 жастағы әйел ішінің төменгі жағы ауыратынына, кіші дәретке жиі шығатынына, кіші дәретке шыққанда ашитынына шағымданады. Симптомдар сақтанбай жыныстық қатынасқа түскен соң пайда болған. Объективті: үрпінің қызаруы, ісінгені байқалады, көп мөлшерде ірінді шығынды бөлінеді, кіші дәретке шыққанда ашып ауырады, жатыр мойнағының іншектік бөлігі қызарған, цервикальдық каналдан көп мөлшерде ірінді шығынды бөлінеді. Болжамды диагноз:

<variant>гонорея (соз)

<variant>хламидиоз

<variant>кандидоз

<variant>трихомониаз

<variant>гарднереллез

<question>2017 жылғы 27 желтоқсан №36 "Босанудан кейінгі эндометрит" диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамасына сай организмнің адаптациялық-компенсаторлық айқындылық дәрежесіне байланысты мына өзгерістер эндометриттің қай формасына сай: 3 күннен аспайтын қысқа уақыттық, резорбтивті қызбамен, жатырдың субинволюциясы жоқ, жатыр құрамының рН жоғарлауы мен макрофагтар көлемінің жоғарлауы.

<variant>субкомпенсирленген эндометрит

<variant>компенсирленген эндометрит

<variant>декомпенсирленген эндометрит

<variant>терминальды эндометрит

<variant>ошақты эндометрит

<question>42 жастағы әйел сыртқы жыныстық ағзалары аймағының қышытынына, ашитынына, түнде төсекте жатып, тіпті ұйқтап жатып та қасынатынына, жыныстық қатынасқа түскенде ауыратынына, жыныстық жолдарынан иісі жағымсыз шығынды бөлінетініне шағымданады. Сыртқы жыныстық ағзаларын тексергенде қасыған із, терісі мен сілемейі сызат түсіп, жарақаттанып, қанап тұр, тері жамылғысы ақ атрофияланған, паптрості қағазына ұқсас, сілемейлі қабықта ақшыл түсті түйіндақтар байқалады. Сарпайдың кіші жапсары бүріскен. Диагнозды нақтылау үшін қандай тексеру жүргізген дұрыс:

<variant>вульвоскопия

<variant>гистероскопия

<variant>кіші жамбас ағзаларын УДЗ

<variant>жатыр қуысын диагностикалық қырнау

<variant>кіші жамбас ағзаларын МРТ

<question>43 жастағы әйел сыртқы жыныстық ағзаларының ауыратынына, қышытынына, ашу немесе тітіркену сезіміне, шап лимфатүйіндерінің үлкейгеніне, кіші дәретке ауырсынып шығатынына, шамалы қан аралас шығынды бөлінетініне шағымданады. Сыртқы жыныстық ағзаларын тексергенде сарпайдың үлкен жапсары аймағында ісік тәрізді түзілім анықталды, қара қоңыр түсті, жара болған бөліктер бар, қанап тұр. Шап лимфатүйіндері үлкейген. Диагнозды нақтылау үшін қандай тексеру әдісін жүргізген дұрыс:

<variant>гистологиялық тексеру

<variant>тазалық дәрежесін анықтау үшін сүртінді алу

<variant>кіші жамбас ағзаларын УДЗ

<variant>кольпоскопия

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК	34-11-2025 2 беттің 112 беті

<variant>АПВ анықтау үшін қан ИФА

<question>Профилактикалық тексеру кезінде 40 жастағы пациенттің жатыр мойнағында сedef түсті өнезді бөлік анықталды. Жатыр мойнағы лейкоплакиясы диагнозы қойылды. Кольпоскопия жасалды. Онкоцитологияға сүргінді алынды. Диагноз расталды. Барынша негізделген емдеу тәсілі:

<variant>криодеструкция

<variant>химиялық коагуляция

<variant>гіндерді хирургиялық кесу

<variant>электрокоагуляция

<variant>лазерлік коагуляция

<question>Берілген клиникалық симптомдар кездесетін ауруды атаңыз: етеккірі және жүктілік жоқ, аналық без тінінде көптеген премордиалдық фолликулар (гистологиялық зерттеуде), көптеген әйелдерде прогестерон сынағы оң, қан плазмасында ФСТ және ЛГ деңгейлері жоғары

<variant>тұрақты аналық без синдромы

<variant>поликистозды аналық без синдромы

<variant>эндометриоз

<variant>адреногенителдық синдром

<variant>семіп қалған аналық без синдромы

<question>33 жастағы әйел серозды сипаттағы аздаған бөліндіге, ЕАС (етеккір алдындағы синдром) кезінде күшейетініне шағымданады. Акушерия-гинекологиялық анамнез: соңғы 2 жүктілігі 8-9 апталық ерте кезеңде түсік түсумен аяқталған. Диагноз қою үшін берілген тексеру әдістерінің қайсысын қолданған дұрыс?

<variant>полимеразды тізбекті реакция

<variant>иммунофлуоресценция реакциясы

<variant>иммобилизация реакциясы

<variant>микроскопия

<variant>қанның жалпы талдамасы

<question> Перзентханадан шыққаннан кейін кесар тілігі операциясымен босанған әйелде 10 тәулікте перитонит және нәрестесінде омфалит анықталды. Ауруханаішілік инфекцияны төмендетудегі басты шара:

<variant> қолды тазалап жуу және бір ретті сүлгіні қолдану

<variant> қызметкерлер мен келушілердің киімі мен аяқ киімдерін ауыстыру

<variant> мекемені циклді дезинфекциялау және желдендіру

<variant> бөлмелерді кварцтау және дезерітінділермен өңдеу

<variant> масканы тәртіпті сақтау және палаталарды кварцтау

<question> Босанудан кейін эндометрияның физиологиялық қалпына келу мерзімі:

<variant> 6 – 8 апта

<variant> 10 – 15 күн

<variant> 2 – 3 апта

<variant> 4 – 5 апта

<variant> 9 – 10 апта

<question> ҚР ДСМ 27.12.2017 жылғы “Босанудан кейінгі эндометрит” №36 хаттамасына сәйкес босанудан кейінгі эндометритті емдеу принциптері:

<variant> инфекция ошағын тазалау, инфузиялық терапия, кең спектрлі антибиотиктер

<variant> антибактериялық терапия, жатыр қуысын вакуумды аспирациялау

<variant> инфузиялық терапия, жатыр қуысын вакуумды аспирациялау немесе кюретаж

<variant> инфузиялық терапия, жатыр қуысына антисептиктер енгізу, антибактериялық терапия

<variant> инфекция ошағын тазалау, кең спектрлі антибиотиктер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 113 беті

<question>Босанушы К., 35 жаста, 15-ші тәулікте гинекологиялық бөлімшеге дене температурасының 39С-ге жоғарылауына, қынаптан шіріген иісті бөлінділердің болуына, ішінің төменгі жағы мен беліндегі ауырсынуға, жалпы әлсіздікке шағымданып түскен. 14 күн бұрын босанған, ІІ мерзімді; босанудың жалпы ұзақтығы 12 сағат 10 минут болған, сусыз аралық – 10 сағат. Объективті: жалпы жағдайы ауыр, тежелген жағдайда. Терісі бозарған, ылғалды. Жүрек тондары дыбыссыз, пульсі ырғақты, 112 соғу/мин, толығы және кернеулігі қанағаттанарлық. АҚ 110/70 мм сынап бағаны. Тілі ылғалды, сұр өңезбен жабылған. Іші жұмсақ, кеспеген, пальпацияда төменгі бөліктері ауырады; ішпердені тітіркендіру симптомы жоқ. Гинекологиялық тексерулер: цервикальды каналдан 1 көлденең саусақ өте алады. Жатыры жұмсақ, жүктіліктің 10 аптасына сәйкес үлкейген, ауырады. Жатыр тамырлары проекциясында үлкейген және ауыратын жіпшелер пальпацияланады. Бөлінулер көп, ірінді, жағымсыз иісті. Сазонов-Бартельс жіктемесіне сәйкес осы жағдай қандай ірінді-септикалық кезеңге жатады?

<variant>ІІІ кезеңге

<variant>І кезеңге

<variant>ІІ кезеңге

<variant>ІV кезеңге

<variant>V кезеңге

<question>26 жастағы босанған әйел босанғаннан кейін 5 тәулікте дене температурасының аздап жоғарлауына (38С төмен), ішінің төменгі бөліктеріндегі ауырсынуға шағымданады. Қалтырау жоқ, жағдайы қалыпты (әлсіздік жоқ, бас ауру жоқ), осы жағдайдың толқын тәрізділігін бақыған-"дімкәстік" кезеңінен кейін "жақсару" кезеңі жүреді. 2017 жылғы 27 желтоқсан №36 "Босанудан кейінгі эндометрит" диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамасына сайберілген клиникалық сурет эндометриттің қай түріне сай?

<variant>жасырын

<variant>классикалық

<variant>аборттивті

<variant>атипті

<variant>латентті

<question>Кесар тілігі отасы жасалған соң 2-тәулікте әйелде перитонит көрінісі пайда болды. Мерзімі жеткен жүктілік, босанғанға дейін қағанақ суы кетуіне, босанудың 1-кезеңі әлсіз, хорионамнионитке байланысты кесарь тілігі операциясы жасалған. Бұл патологиялық жағдайдың орын алуының ықтимал себебі неде ?

<variant>операция кезінде инфекциялану

<variant>жатырдағы жарақаттың толық болмауы

<variant>ішек парезі

<variant>жатыр қуысында ұрық қабықшасы қалдықтарының болуы

<variant>босанғаннан кейін жатырдың қанағаттанарлықсыз жиырылуы

<question>23 жастағы босанған әйел босанғаннан кейінгі кезеңнің 4-тәулігінде қалтырау, ішінің төменгі бөлігінің қатты ауыруы, метеоризм, жыныстық жолдарынан иісі жағымсыз ірінді шығындылар бөлінгеніне шағымданды. Т-38,2°С. АҚ 110/70 мм с.б.. Рс: минутына 96. Жатырдың түбі кіндіктен 1 көлденең саусақ төмен, ауырсындырады, жұмсақтау консистенциялы. 2 күн бойы антибактериялық, инфузиялық және утеротониялық терапия қабылдаған. Шағымы сақталуда, температура 38 С. Қандай тәсіл қолданған дұрыс:

<variant>антибактериялық препараттарды ауыстыру

<variant>жатыр қуысын қырнау

<variant>жатырды қосалқыларымен бірге ампутациялау

<variant>жатырды қосалқыларынсыз ампутациялау

<variant>жатырды қосалқыларымен бірге экстирпациялау

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК	34-11-2025 2 беттің 114 беті

<question> Босанушы кесір тілігі операциясынан кейін 3-ші тәулікте жара маңы ауырсынуына, әлсіздік, қалтырауға шағымданды. Дене қызуы – 37,80С. Қарау кезінде тігіс бойымен инфильтрация бар. Сіздің диагнозыңыз:

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 3-нші тәулік. Кесір тілігі отасынан кейінгі жара инфильтраты

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 3-нші тәулік. Эндометрит

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 3-нші тәулік. Кесір тілігі отасынан кейінгі жара абсцесі

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 3-нші тәулік. Кесір тілігі отасынан кейінгі жағдай

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 3-нші тәулік.

<question> Босанушы кесір тілігі отасынан кейінгі 1 тәулікте жара маңындағы ауырсынуға, әлсіздікке шағымданды. Жағдайы орташа ауырлықта. Температура- 37,3. Іші жұмсақ, опрециядан кейінгі жара маңында ауырсыну. Жатыр тығыз. Қан талдауында: Нb- 69г/л, L- 7,2x10⁹ /л, СОЭ- 39мм/сағ. Клиникалық диагнозды анықтаңыз:

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 1-нші тәулік. Кесір тілігі операциясынан кейінгі жағдай. Анемия ауыр дәрежелі.

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 1-нші тәулік. Кесір тілігі операциясынан кейінгі жағдай.

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 1-нші тәулік. Кесір тілігі операциясынан кейінгі жағдай. Эндометрит.

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 1-нші тәулік. Кесір тілігі операциясынан кейінгі жағдай. Анемия жеңіл дәрежелі.

<variant> Босанудан кейінгі кезең, 1-нші тәулік. Кесір тілігі операциясынан кейінгі жағдай. Анемия орташа дәрежелі

<question> Босанушы Р., 23 жаста, уақытында босанудан кейінгі 4-ші тәулікте қалтырауға, дене температурасының жоғарылауына шағымданды. Жалпы жағдайы қанағаттанарлық, беті гиперемирленген. Тамыр соғысы 92 рет/мин. Дене температурасы 39°С. Сүт безінің жоғарғы-сыртқы квадрантында өлшемі 6х7 см болатын жұмсарған бөлігі бар инфильтрат, пальпация кезінде ауырсынады, терісі гиперемирленген. Сол жақ емізікте беткей жарылу. Оң жақ сүт безі ерекшеліксіз. Жатыр түбі қасағадан 4см жоғары, жатыр ауырсынусыз. Бөліністер қанды-серозды, иіссіз. Дұрыс әрекетті көрсетіңіз және неге:

<variant> сүт безінде инфильтрация мен ірің болғандықтан, хирургиялық еммен бірге антибактериальды терапия

<variant> маститтің клиникалық белгілері болғандықтан, антибактериалды терапия

<variant> гипертермия және сүт безінің инфильтрациясы болғандықтан, антибактериальная терапия

<variant> сүт безі инфильтрациясы мен іріңдеу белгілері болғандықтан, хирургиялық ем

<variant> сүт безі инфильтрациясы белгілері болғандықтан, хирургиялық еммен бірге антибактериальды терапия

<question> Алғаш жүкті, 30 жаста. Обструктивті босануға байланысты төменгі жатыр сегментінде кесір тілігі жасалынды. Сусыз кезең 27 сағат. Интраоперационды қан кету - 900 мл. Антибактериалды терапия тағайындалды. Операциядан кейінгі 5-нші тәулікте дене температурасы 39°С дейін көтерілді. Тәулік бойы жағдайы ауыр. Пальпация кезінде ішінің төменгі бөлігінің қатаюы, іш кебуі, қатты ауырсыну, құрсақтың тітіркену симптомдары анықталады. Ішкі зерттеуде: жатыр жүктіліктің 17-18 аптасына сай ұлғайған, жұмсақ, ауырсынады. Бөліністер көп мөлшерде, іріңді, жағымсыз иіспен. Қан талдауында: Нb- 73г/л, L- 14,2x10⁹ /л, ЭТЖ- 59мм/сағ. Дұрыс тактиканы табыңыз және неге?

<variant> Хирургиялық ем, жатырдың түтіктерімен экстирпациясы, себебі акушерлік перитониттің белгілері бар

<variant> Антибактериалды терапия, себебі эндометрит белгілері бар.

<variant> Антибактериалды терапия, себебі көп мөлшерде қан кету фонында акушерлік перитонит белгілері бар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 115 беті

<variant>Хирургиялық ем, жатырдың экстирпациясы қосалқыларсыз, себебі эндометрит белгілері бар

<variant>Хирургиялық ем, жатырдың экстирпациясы түтіктерімен, себебі акушерлік перитониттің белгілері бар

<question> Менструальдық қан ағудың механизмі ... байланысты.

<variant> некроздар түзілуімен жүретін артериялардың спазымына

<variant> эндометрий қанағыштығының жоғарылауына

<variant> протеолитикалық ферменттердің жоғарылауына

<variant> жатырдың өсуіне

<variant> эндометрийдің пролиферациясына

<question> Аналық бездерінің мезгілінен бұрын әлсіреу синдромының негізгі симптомдары:

<variant> екіншілік аменорея, бедеулік

<variant> іштің төменгі жағындағы ауыру сезімі

<variant> біріншілік аменорея

<variant> ыстықтың құйылуы

<variant> олигоаменорея

<question> Эстрогендік қаныққандықтың деңгейі ... анықталады.

<variant> Инслер санымен

<variant> прогестерон сынамасымен

<variant> Таннер санымен

<variant> дексаметазон сынамасымен

<variant> окситоцин сынамасымен

<question> Аналық бездердің поликистозының клиникалық симптомдарының үштігііне кіреді:

<variant> опсоменорея, семіздік, гирсутизм

<variant> гиперполименорея, анемия, семіздік

<variant> метроррагия, астения, гирсутизм

<variant> галакторея, олигоменорея, семіздік

<variant> гирсутизм, негроидты акантоз

<question> Таннер саны ... сипаттайды.

<variant> сүт бездерінің даму дәрежесін

<variant> бой-салмақ көрсеткішін

<variant> эстрогендермен қанығу дәрежесін

<variant> прогестерондармен қанығу дәрежесін

<variant> түктенудің дәрежесін

<question> Ферриман-Галвей саны сипаттайды:

<variant> гиперандрогенияның деңгейін

<variant> эстрогендік қаныққандықтың деңгейін

<variant> пролактин деңгейін

<variant> прогестиндік қаныққандықтың деңгейін

<variant> бой-салмақ көрсеткішін

<question> Жатыр миомасы бар ауруға рилизинг гормондардың агонистерін тағайындауға көрсетулер:

<variant> түйіндердің мөлшерінің кішіреюі

<variant> оперативтік араласуды алып тастау

<variant> ЭКҰ-ға дайындық

<variant> жасанды инсеминацияға дайындық

<variant> эстрогендердің деңгейін қалыптастыру

<question> 23 жастағы, науқас, 3-тәулік бойы 38,6 С дене қызуына шағымданады.

Соматикалық дені сау. Қынаптық тексеруде науқаста анықталды: сыртқы ернеуі жабық,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 116 беті

жатыр аздап ұлғайған, жұмсарған, оң жақ қосалқылар аймағында жұмсақ, ауырсынулы құрылым анықталады, жатыр мойнына қарай қимылдатқанда ауырсыну сезіледі.

Болжам диагноз:

<variant>Пиовар

<variant>Дамып жатқан түтіктік жүктілік

<variant> Апоплексия

<variant> Созылмалы аднекситтің қозуы

<variant> Аналық без кистасы

<question> 24 жастағы, науқастың сыртқы гинекологиялық зерттеуде: сыртқы жыныс мүшелері дұрыс дамыған, түктенуі әйел типті, кіші ернеуінде ауырсынулы сұр-сары жабындымен жабылған жара анықталады.

Болжам диагноз :

<variant>Генитальды герпес

<variant> Біріншілік сифилис

<variant>Карбункул

<variant> Крауроз

<variant> Фурункул

<question> 35 жастағы науқас, ішінің төменгі жағындағы сыздап ауырсынуға, ауырсынуудың тік ішекке және бұтаралыққа берілуіне шағымданып келді. Ауырсыну етеккір кезінде күшейеді. Қынаптық тексергенде: жатырдың арт жағында екі жақтанда тығыздылығы қатты эластикалық d=3 см, жатырмен жабысқан құрылым анықталады. Пальпацияда жатыр ауырсынулы.

Болжам диагноз:

<variant> аналық бездерінің эндометриозы

<variant> пиосальпинкс

<variant> аналық бездерінің апоплексиясы

<variant> аналық бездерінің параовариальды кистасы

<variant> пиовар

<question> 35 жастағы науқас, ішінің төменгі жағындағы сыздап ауырсынуға, ауырсынуудың тік ішекке және бұтаралыққа берілуіне шағымданып келді. Ауырсыну етеккір кезінде күшейеді. Қынаптық тексергенде: жатырдың арт жағында екі жақтанда тығыздылығы қатты эластикалық d=3 см, жатырмен жабысқан құрылым анықталады. Пальпацияда жатыр ауырсынулы.

Жүргізу амалы:

<variant> гормонотерапия

<variant> жатыр қосалқыларын алып тастау

<variant> физиоєм

<variant> жатырды қосалқыларымен ампутация

<variant>жатырды қосалқыларымен экстирпация

<question> 26 жастағы науқас, етеккірі 17 жастан аз мөлшерде, сирек. Осы науқаста етеккір бұзылысының түрі:

<variant> гипоопсоменорея

<variant> меноррагия

<variant> метроррагия

<variant> альгодисменорея

<variant> менометроррагия

<question>32 жастағы науқас гинекологиялық бөлімшеге молынан келетін, ұзаққа созылатын жүйесіз етеккірге шағымданып қаралды. Жатыр қуысына диагностикалық бөлінген қырнау өткізілді. Гистологиялық талдау- эндометрияда безді- кистозды гиперплазия. ҚР ДСМ

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК	34-11-2025 2 беттің 117 беті

04.07.14жылғы “Етеккір циклінің бұзылысы” № 10 хаттамасына сәйкес осы себептер қандай жіктемелік категорияға жатады?

<variant> Жатырдан аномальды қан кету- М

<variant> Жатырдан аномальды қан кету- Р

<variant> Жатырдан аномальды қан кету- Е

<variant> Жатырдан аномальды қан кету- L

<variant> Жатырдан аномальды қан кету- I

<question>Әйел 48 жаста. Анемия мазалайды, сол үшін тұрақты түрде темір препараттарын қабылдайды. Menses жүйелі, 5 күннен, 28 күн сайын, бірақ ұйындылармен және молынан келеді, етеккіраралық қан кетулер жоқ. Кіші жамбас ағзаларын УДЗ-де: алдыңғы қабырғада интерстициалдық миомадозды түйін, өлшемі 21мм, артқы қабырғасында субмукозды түйін өлшемі 10мм. УДЗ бойынша динамикада соңғы екі жылды миома белсенді түрде өспеген. ҚР ДСМ 09.06.16 жылғы “Жатыр миомасы” №9 хаттамасына сәйкес сіздің іс-әрекетіңіз?

<variant>улипристал ацетат 5 мг тәулігіне 3 айдай – 1 курс

<variant>миомадозды түйінді гистероскопиялық резекциялау

<variant>левоноргестрелмен ЖІС

<variant>лапароскопиялық гистерэктомия

<variant>консервативті миомэктомия

<question>Науқас Ж, 28 жаста, 3 айдан бері етеккірінің кідіруінен кейін болған ұзаққа созылған жатырдан қан кетуге шағымданып қаралған. Анамнезінде: 4 жылдан бері біріншілікті бедеулік. Гинекологиялық қарау – ерекшеліктерсіз. Гистероскопияны бақылай отырып жатыр қуысына диагностикалық қырнау өткізілген. Гистологиялық талдау: эндометрияның безді гиперплазиясы. Етеккір циклін реттеу үшін осы жағдайда нені тағайындауға болады:

<variant>таза гестагендер

<variant>кұрама оральды контрацепция

<variant>таза эстрогендер

<variant>фитотерапия

<variant>андрогендер

<question>Науқас К, 34 жаста, 3 күннен бері болып жатқан қан кетуге шағымданады. Босану паритеті: Ж-3,Б-2,Т-1. Анамнезінде: медикаментозды түсік 2 ай бұрын. Етеккір қызметі 13 жастан бастап жүйелі. Соңғы етеккір циклі 2 апта бұрын болған, 3 күннен бері етеккірден кейін жағылмалы бөлінді келуде. Қынаптық тексеру ерекшеліктерсіз. Қанды бөліну өте көп. Кіші жамбас ағзаларын УДЗде: Жатыр қуысында гиперэхогенді түзілістер жатыр түбі аймағында өлшемі 1,7см, ТДК(ЦДК) тәртіпте нақты карталанады. Сіздің әрі қарайғы әрекетіңіз:

<variant>патологиялық учаскеден биопсия жасаумен гистероскопия

<variant>МРТ

<variant>гормональды гемостаз

<variant>жатыр қуысын бөлінген диагностикалық қырнау

<variant>бақылау және циклдің 5-7 күндері қайталап УДЗ

<question>ҚР ДСМ 04.07.14 “Етеккір циклінің бұзылысы” №10 хаттамаға сәйкес L репродукциялық кезең, гемоглобин 88г/л, эритроциттер 2,9*10¹²г/л, гемодинамикасы тұрақты ЖАҚ(АМК) кезінде гемостаздың негізгі әдісі қандай?

<variant>улипристал ацетат

<variant>дицинон, тренаксам қышқылы

<variant>“Мирена” жатыршілік спиралы

<variant>жатыр қуысының және цервикальды каналды фракциялық қырнау

<variant>КОК

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 118 беті

<question>42 жастағы әйел дәрігерге ішінің төменгі жағының ауырлығына, етеккірінің көп мөлшерде келетініне шағымданып келді. Анамнезінде бастапқы бедеулік. PV: жатыры жүктіліктің 9-10 аптасындағыдай үлкейген, контурлары тегіс емес, тығыз консистенциялы, жылжымалы, ауырсындырмайды. Қосалқылары көрінбейді, күмбез терең, бос. ҚЖТ Нб 98 г/л. Бірінші кезекте қосымша тексеру әдістерінің қайсысын жүргізген дұрыс?

<variant>кіші жамбасты УДЗ

<variant>гистеросонография

<variant>гистероскопия

<variant>кіші жамбасты MPT

<variant>кіші жамбасты КТ

<question> 46 жастағы пациент емханаға ішінің төменгі жағындағы ауыру сезіміне, жиі зәр шығару, етеккір мерзімінде көп қанды бөлінділердің болуына шағымданып түсті. 3 жыл бойы жатыр миомасы бойынша бақылауда тұрады. 3 ай бұрын жатыр қуысын қыру жүргізілген. Гистологиялық зерттеудің нәтижесі – эндометрияның безді – кистозды гиперплазиясы.

Айнада: жатыр мойны гипертрофияланған, жараланған. Бөлінділер қанды, көп мөлшерде.

ҚЗ: жатыр мойны гипертрофияланған, консистенциясы әдетегідей. Жатыр 14-15 апталық ісікке айналған, бүдірлі, қозғалмайды, ауыру сезімі жоқ. Қосалқылар жағы өзгермеген.

Диагноз:

<variant>Симптомды жатыр миомасы, жатыр мойнының эрозиясы

<variant> Жатырдың симптомды лейомиомасы, цервицит

<variant> Аналық без кистомасы, жатыр мойнының лейкоплакиясы

<variant> Ұрық көпіршігі, жатыр мойнының эритроплакиясы

<variant> Жатыр саркомасы, эндоцервицит

<question> 46 жастағы К. 10 күн бойы жыныс мүшелерінен қанды бөлінулер болғанына шағымданып емханаға келді. Ең соңғы етеккірі 2 ай бұрын болған

Айнада: жатыр мойны таза, бөліндісі қанды.

ҚЗ: жатыр мойны цилиндр пішінді, ернеуі жабық. Жатыр қалыпты мөлшерде, қозғалмалы.

Қосалқылар анықталмайды.

Диагноз:

<variant> Дисфункционалды жатырдан қан кету

<variant> Аналық безінің гормон шығарушы ісігі

<variant> Эндометрия обыры

<variant> Жатырлық жүктілік, түсік

<variant> Аналық бездер қызметінің тұрақтылық синдромы

<question> 46 жастағы К. 10 күн бойы жыныс мүшелерінен қанды бөлінулер болғанына шағымданып емханаға келді. Ең соңғы етеккірі 2 ай бұрын болған

Айнада: жатыр мойны таза, бөліндісі қанды.

ҚЗ: жатыр мойны цилиндр пішінді, ернеуі жабық. Жатыр қалыпты мөлшерде, қозғалмалы.

Қосалқылар анықталмайды. Диагноз: Дисфункционалды жатырдан қан кету. Кейінгі емдік шаралар:

<variant> бөлек диагностикалық қыру

<variant> қабынуға қарсы терапия

<variant> симптоматикалық терапия

<variant> физиотерапия жүргізу

<variant> гормонотерапия тағайындау

<question> 45 жастағы пациент жыныс жолдарынан орташа қанды бөлінулерге (бұл келесі етеккірдің 1,5 ай кідіруінен кейін пайда болған) шағымданып емхананың дәрігеріне келді. ҚЗ: жатыр мойнында эрозия жоқ, «қарашық» симптомы (2плюс); жатыр үлкеймеген, тығыз, қозғалмалы, ауырмайды; қосалқылары өзгермеген, күмбездері терең.

Диагноз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 119 беті

<variant>Перименопаузальды кезеңдегі ДЖК

<variant>Жатырдаң тыс жүктілік

<variant>Жатырдың шырыш асты миомасы

<variant>Жатыр денесінің ішкі эндометриозы

<variant> Жатыр денесінің обыры

<question> 28 жастағы пациент етеккір алдында және етеккір кезінде іштің төменгі жағындағы тартып ауыратын ауыру сезімге және 5 жыл бойы жүктіліктің болмауына шағымданды. Өзін 3 жыл бойы аурумын деп санайды. Анамнезінен: жүктіліктің 5-6 аптасында өздігінен түсік болған. 20 жасында аналық безінің кистасы жарылып, оған оң жақ аналық безіне резекция жасалған. Алынған тіндердің гистологиялық зерттеуінің нәтижесін ауру білмейді. ҚЗ: жатыр мойны таза. Жатыр дұрыс орналасқан, қозғалысы шектелген, мөлшері қалыпты, ауырмайды; жатырдың оң жағында және артында консистенциясы қатты эластикалық, қозғалысы шектелген, артқы бүйіріне жабысқан, мөлшері 8х8 см, ауыратын құрылым анықталады, сол қосалқылары үлкеймеген, жыныс жолдарынан бөлінділер шырышты.

Диагноз:

<variant> Оң аналық безінің эндометриодты кистасы

<variant> Жатыр миомасы

<variant> Оң аналық безінің абсцессы

<variant> Дисгерминома

<variant> Аденомиоз

<question> 28 жастағы пациент етеккір алдында және етеккір кезінде іштің төменгі жағындағы тартып ауыратын ауыру сезімге және 5 жыл бойы жүктіліктің болмауына шағымданды. Өзін 3 жыл бойы аурумын деп санайды. Анамнезінен: жүктіліктің 5-6 аптасында өздігінен түсік болған. 20 жасында аналық безінің кистасы жарылып, оған оң жақ аналық безіне резекция жасалған. Алынған тіндердің гистологиялық зерттеуінің нәтижесін ауру білмейді. ҚЗ: жатыр мойны таза. Жатыр дұрыс орналасқан, қозғалысы шектелген, мөлшері қалыпты, ауырмайды; жатырдың оң жағында және артында консистенциясы қатты эластикалық, қозғалысы шектелген, артқы бүйіріне жабысқан, мөлшері 8х8 см, ауыратын құрылым анықталады, сол қосалқылары үлкеймеген, жыныс жолдарынан бөлінділер шырышты.

Диагноз: Оң аналық безінің эндометриодты кистасы. Тиімді емдеу тәсілі:

<variant> цистэктомия, гормонотерапия

<variant> қабынуға қарсы ем, бақылау

<variant> физио ем, тарау терапиясы

<variant> витаминотерапия, пункция

<variant> овариоэктомия, бақылау

<question> Аналық безінің эндометриодты кисталары бар ауруларды емханада оталық емдеуге жолдайды. Онтайлы емдеу тактикасы:

<variant> оң аналық безінің резекциясы, содан кейін гормональды терапия

<variant> антибактериальды терапия

<variant> консервативті миомэктомия

<variant> релизинг-гормонның агонистерін қолдану

<variant> жатырдың оң қосалқыларын алу

<question> 46 жастағы әйелге етеккірінің ретсіз келуіне және қанағуына байланысты жатыр қуысының қабырғаларын және жатыр мойнының каналының шырышты қабығын даралап диагностикалық қыру жүргізілген. Қазіргі клиникалық жағдайда эндометрияда өзгерістер:

<variant> безді кистозды гиперплазия

<variant> полипоз

<variant> атипиялық гиперплазия

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК	34-11-2025 2 беттің 120 беті

<variant> эндометрияның атрофиясы

<variant> жатыр мойнының обыры

<question> 40 жастағы ауру жыныс жолдарынан тұрақты шырышты-ірінді бөлінділерге және жыныстық қатынастан кейін қанды бөлінділерге шағымданып гинекологқа келді. Анамнезінде екі босану және 3 медициналық түсік.

ҚЗ: жатыр мойны эрозияланған, гипертрофияланған, босанғаннан кейінгі жырытылудан деформацияға ұшыраған, сыртқы ернеу үңірейген, жатыр және қосалқылар өзгермеген, параметриялары бос. Кең кольпоскопия кезінде ауысу зонасы кең, көп мөлшерде ашық, және жабық бездер кездеседі, алдыңғы ерінінде эктопия учаскесі көрінеді, лейкоплакиялар 12 сағат тұсында. Қажетті қосымша зерттеу әдістер:

<variant> цитологиялық

<variant> бактериологиялық

<variant> гистологиялық

<variant> иммунологиялық

<variant> цервикоскопиялық

<question> 46 жастағы Р. ауру емханың жалпы тәжірибелік дәрігеріне көрінгенде бірінші рет «Пременопаузальды кезеңдегі ДЖҚ» деген диагноз қойылған. Диагнозды дәлеледеу үшін қосымша әдістер:

<variant> бөлек диагностикалық қыру мен гистероскопия жасау

<variant> гистеросальпингографияны

<variant> кіші жамбас мүшелерінің УДЗ

<variant> лапароскопия

<variant> кульдоскопияны

<question> Эндометрий гиперплазиясының негізгі клиникалық көріністері болып табылады:

<variant> жатырдан қан кету

<variant> аменорея

<variant> симптомсыз ағымы

<variant> ауру сезімі

<variant> алыгодисменорея

<question> 52 жастағы науқас жалпы әлсіздікке, тәулігіне 10 ретке дейінгі тасуға, жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуіне, ұйқының бұзылуына, ашуланшақтық жағдай, қорқыныш, үрей сезімінің болуына, тітіркенгіштіктің жоғырылауына, шағымданғыштықтың болуына шағымданады. Соңғы етеккірі 10 ай бұрын болған.

Диагноз:

<variant> Климактерикалық синдром

<variant> Климактерикалық кезең

<variant> Перименопаузалды период

<variant> Постракционды синдром

<variant> Постменопаузалды кезең

<question> 28 жастағы науқас емханаға соңғы 2 жылдан бері жүктіліктің 7-8 апталарында инфицирленген түсіктен кейін пайда болған жыныс жолдарынан бөлінетін қанды бөлінділерге шағымданып түсті. Медициналық көмекке қаралған, жүктілік болмаған.

Диагноз:

<variant> Репродуктивті кезеңдегі ановуляторлы дисфункционалды жатырдан қан кету

<variant> Репродуктивті кезеңдегі овуляторлы дисфункционалды жатырдан қан кету

<variant> Перименопаузалды кезеңдегі қан кету

<variant> Қынаптың варикожды кеңейген тамырынан қан кету

<variant> Постменопаузалды кезең

<question> 29 жастағы науқас келесі етеккірдің 3 ай кешігіп келуінен кейінгі жатырдан қан кетуге шағымданып келді. ХГ тест теріс. Бимануалды тексерген кезде және айнамен қараған

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК	34-11-2025 2 беттің 121 беті

кезде патологиялық өзгерістер анықталмаған. Гистероскоп бақылауымен бірге жатыр қуысын диагностикалық-емдік қыру жасалынды. Гистологиялық тексеру нәтижесі: эндометридің жәй гиперплазиясы.

Диагноз:

<variant> Дисфункционалды жатырдан қан кету

<variant> Үзілген жүктілік

<variant> Эндометриоз

<variant> Жатыр миомасы

<variant> Көпіршік ауруы

<question> 25 жастағы науқаста 6 жыл бұрын бірден етеккірі тоқтаған, бірде – бір рет жүктілік болмаған. Фенотипі әйелдікі. Қан сарысуындағы ФСГ концентрациясы 0.3 МЕ/мл (қалыптыда 2-20), пролактин – 16 нг/мл (қалыптыда 2-25). Гестагенмен және эстрогенмен сынама теріс.

Диагноз:

<variant> екіншілік гипогонадотропты аменорея

<variant> аналық бездерінің біріншілік поликистозы

<variant> біріншілік гонадотропты аменорея

<variant> Шихан синдромы

<variant> климактерикалық синдром

<question> 18 жастағы, науқаста ешқашан етеккірі болмаған. Бойының ұзындығы 140 см. сүт бездері дұрыс дамымаған, жатыры кішкентай және сыртқы жыныс мүшелері гипоплазиялы, жынстық түктену жоқ. ЛГ – 105 МЕ /мл (қалыптыда 2-15), ФСГ -120 МЕ/мл (қалыптыда 2-20), ТТГ- 1,8 мк/мл (қалыптыда 0,1-4,5). Диагнозы: Біріншілік гонадотропты аменорея. Гонадалар дисгенезиясы. Шершевский-Тернер синдромы?

Осы кездегі аменореяның дұрыс түрі:

<variant> аналық бездерінің жеткіліксіздігі

<variant>гипофизарлы-гипоталамикалық жеткіліксіздік

<variant> гипофиз аденомасы

<variant> гиперпролактинемия

<variant>бүйрекүсті бездерінің жеткіліксіздігі

<question> 52 жастағы науқас жалпы әлсіздікке, тәулігіне 10 ретке дейінгі тасуға, жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуіне, ұйқының бұзылуына, ашуланшақтық жағдай, қорқыныш, үрей сезімінің болуына, тітіркенгіштіктің жоғырылауына, шағымданғыштықтың болуына шағымданады. Соңғы етеккірі 10 ай бұрын болған. Әйелдер кеңес орнында: климактерикалық синдром деген диагноз қойылған. Осы кезде ... нәтижелі болып келеді.

<variant> орын басушы гормональді терапия

<variant> емдік дене шынықтыру

<variant>гомеопатикалық дәрілер

<variant> диета және су процедуралары

<variant>қосарланған оральді контрацептивтер

<question> 38 жастағы науқас гинекология бөліміне етеккірмен байланыссыз жыныс жолдарынан бөлінетін қанды бөлінділерге шағымданып түсті. Медициналық көмекке қаралған, жүктілік болмаған. Диагноз: Репродуктивті жастағы дисфункционалды жатырдан қан кету. Емді ... бастау қажет.

<variant>жатыр қуысын қырудан

<variant>гемостатикалық терапиядан

<variant>симптоматикалық шаралардан

<variant>орын басушы гормональді терапиядан

<variant>антибактериальді терапиядан

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерия және гинекология кафедрасы «Амбулаторлық акушерия» БӨК		34-11-2025 2 беттің 122 беті

<question> 16 жастағы пациент емхананың гинеколог дәрігеріне етеккірдің болмауына, бетінде безеулердің болуына шағымдалып келді. Қарау кезінде: жағдайы қанағаттанарлық, дене бітімі еркек типті, сүт бездерінің гипоплазиясы. Гинекологиялық карауда: псевдогермафродитизм белгілері, шүртінің гипертрофиясы анықталды. Диагноз: Адреногенитальды синдромы, типті түрі деген диагноз қойылды. Коррекциялайтын емді... бастау қажет.

<variant> диагноз қойылған сәттен

<variant> етеккір қызметі қалпына келгеннен кейін

<variant> жүктілік жоспарланғаннан кейін

<variant> босанғаннан кейін

<variant> науқастың талғамынан кейін

